

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. – Б.188-191

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Нұрбопаева А., 1 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы мәдениетінің шынайы рухани қайнарларын ашып көрсетуге, шындықты айтуға жол ашылды. Көп ғасырлар бұрын қазіргі қазақ жерінде түркі тектес халықтардың ортақ мәдениетінің ошағы болғандығын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп отыр. Патшалық Ресей және кеңестік отаршылдық саясат негізінде ата-бабаларымыз жасаған рухани құндылықтарымыз жабулы қазан күйінде немесе орыс мәдениетінің жетегінде кетті. Қазіргі таңда рухани саладағы осы "ақтаңдақтардың" бетін көне мәдениетімізге тереңірек үңіліп, өткен уақыттың рухани мұрасын саралау, талдау қажеттігі күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отыр.

Түркілер, соның ішінде отарлау азабын көп тартқан қазақ халқы да мәдениеттен құралақан ел ретінде қаралды. Үш ғасырдан астам салтанат құрған түркілер дүниежүзілік өркениетке зор үлес қосып, тарихтан ойып тұрып өшпес іздерін қалдырды. Әлемде тарихқа өзінің төл мәдениетімен енген халықтар саусақпен санарлық. Еуропаның бүгінгі өркениетті аталып отырған бірде-бір халқының төл алфавиті немесе бүкіл Еуропа халқына ортақ халықтық мейрам болған емес.

Ұлттық рухани құндылық сол ұлтты өзгеден даралап қана қоймайды, сонымен бірге ұлтты "өлтірмейтін" қорғаныс тетігі болып табылады.

Халқымыздың ғасырлар парағы арасында қалып қойған, дерегі мен дәйегі, мағлұматы мол құндылықтарымызды бүгінгі ұрпаққа тарату ұлтымыздың кісілік келбетін сақтап қалуының негізі болмақ. Жастардың санасын рухани байытып, олардың бойында отаншылдық, ұлтжандылық қасиетін дарыту, бір сөзбен айтқанда ұлт азаматын қалыптастыру сол рухани құндылықтарды игеруден бастау алады.

Алпыс екі жылдан астам халықтың жадынан өшіруге тырысқан, ескіліктің қалдығы деп есептелген бүкіл шығыс халықтарына ортақ құндылық – Наурыз мейрамы. Наурыз мейрамы – адам – әлем қатынасының бір көрінісі. Ғалымдардың пікірінше жаңа жылдың 22 наурыздан басталуы жыл мезгілдерінің астрономия заңдылығымен дәл келуінде екен. Ұлыс күніаспан денелері бастапқы айналу нүктесіне келеді. Яғни, күн мен түн теңеліп, күн ұзарып, түн қысқарады. Мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңарады. Осыған сәйкес адамдар да шашын алып, сақал-мұртын күзеп, жуынып-шайынып, жаңа көйлек киеді.

Ел билеген көсемдер «Жақсылыққа жақсылық – жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «таспен атқанды аспен ат» деп ту көтеріп,

ат құйрығын кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел ағайындарын дастарқан басында табыстырып, татуластырған.

XX ғасырдың басында ұлттық тарих арқылы халықтың рухын көтеруге ұмтылған Алаш зиялылары наурыз тақырыбына қалам тартып, наурыз қазақша жыл басы екендігін, бұрынғы кезде наурыз туғанда үлкен мейрам болып, қазан-қазан көже ішіліп, ауылдан - ауылға, үйден-үйге жүріп бірін бірі құтықтаған мереке болғандығын жазды. «.Рустың

жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жана жылымыз Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп, көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді»[1, 25 б.]. Жоғарыда келтірілген деректен, наурызды халықтық той деңгейінде мерекелеу іс-шараларына Алашзиялылары да назар аударып отырғандығын аңғаруға болады.

Халықтың байырғы көне астрономиялық түсінігінің дәл екенін қазіргі ғылым дәлелдеп отыр. Наурыздың 22 күні күн мен түн теңеседі де – жаңа жылдың басы болып есептеледі. Түркі халықтарының Наурыз мерекесін тойлау Жана жылда, яғни күн мен түннің теңеліп, күннің ұзара бастауының басы ретінде тойлауымен сабақтас. Бұл ойдан шығарылған ме-реке емес, табиғаттың ішкі заңдылығын танудан туындаған тағылым. Ұлыстың Ұлы күні ретінде тойланатын Наурыз мейрамы ең көне түркілік мереке, халықтық мереке құлғада азаттық беріліп, қара мен патша теңесе алатын күн. Бұл күннің дәл есептеліп, анық шығарылуының өзі далалықтардың білігі мен танымын, мәдениетін көрсетсе керек.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Көне деректер көзіне сүйенсек, Наурыз тоғыз күн ойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Ұлыс – жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнапдайын далған наурыз көжеі шугеша қырады. Оған қойдың басы мен сүрет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілі катаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бірд астарқаннан дәмтаттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын

туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандар ғажылу жинап берген. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдар соққан. Мұның бәрі – күн мен түн теңесетін шақтак әдеге асатын «ұйқыашар», «селтеткізер» жоралғыларының сый-тартулары. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйгекірсе, олүй ауру- сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзінаш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», Бата – үлкендердің өзінен жасық ішілерге беретінықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» деп бата береді. Осы кезде оның дәстүрлі әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт- санасы, өткен тарихы, бүгінгі мен болашағы жас буын ұрпаққа үгіттеліп отырған.

Ата - бабаларымыз өздері өмір сүрген ортасын, табиғат дүниесін ертеден қорғап келген. Балаларына көк шөпті жұлғызбайды, ағаш, бұтақтарды сындырғызбайды, құстардың жұмыртқасын шағып, балапандарын өлтірткізбейді. Мәселен, көкті жұлғанды «көктей орыл», «көктемей қал» десе, құстардың балапанын өлтіріп, жұмыртқасын шағуға қатаң тыйым салған. Ал, суды лайласа, су иесі Сүлейменнің киесі атады,- деп әртүрлі жаманіс пен әрекеттен батыл тежеп отырған. Осы Ұлыс күні балаларына «ұят болады», «обал болады», «жаман болады», «күнә болады» деген төрт сөзді қазақ аналары үнемі айтып отырған. Осы төрт сөзді үнемі естіп өскен бала, есейгенде анасының сөзінен асып, еш уақытта жаман нәрсеге барған емес.

Қазақ халқы Наурыз күнін «Ақ түйе қарыны жарылған күн» деп ерекше қастерлейді. Осы күні ел ішіндегі дуалы ауызды батагөй, әулие ақсақалдарды арнайы дәмге шақырады. Не арнайы іздеп барып ақ батасын алады. Қазақтың «Баталы ұл арымас, батасыз құл жарымас» деген мақалы осы шындықты растайды. Өйткені қазақта наурыз күнгі тілек қабыл болады деген наным бар. Жақсы адамнан бата алсаң, жолың жақсылыққа оңғарылады деп ырым етеді. Сүйтіп, жақсы сөздің уыз батаның, ақ тілектің күшіне кәміл сенеді. «Алдына келсе, атаңның құнын кеш», «жақсылыққа жақсылық жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «тас атқанға ас ат». Мұсылманның ерекшелігі «ашуы – торғын шыттың дымы кепкенше тарқайды», «Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше, жаманның ашуы басы жерге жеткенше» – деп өкпе-наздарын кешіріседі. Ынтымаққа келеді, бірлікке жүгінеді. Сөйтіп, бірінің үйінен бірі дәм татады, қол алысады, төс қағыстырады, дос болады.

Наурыз күні халықтың жаппай бір-біріне деген мейірім, ықыласы артты, тіпті Наурыз кезінде жауласушы жақтар арасында да татулық орнады. Ұлыстың ұлы күні құрметіне адамдар өздерінің арасындағы ең ауыр реніштерін де кешірді. Қазақтар арасында діни сипаттағы «құрбандық шалу» рәсімі кең қолданылды. Құрбандық шалу соғыстың аяқталуы, ұлының шайқас алаңынан аман оралуы, шаңыраққа ұл перзенттің келуі, өлімнен аман қалу, тасаттық беру, сүйек жаңғырту, т.б. салт-жоралғыларға байланысты жүзеге асырылды.

Қазақ халқы наурызды асыға күтіп, дәстүрлі тағам – «наурыз көже» дайындап, оны келген қонаққа берген. «Наурыз көже» өз құрамы жағынан жеті дәм түрінен (су, тұз, ет, сүт, бидәй және тары, құрт, ұн) дайындалды. Жеті түрлі азық халықтық дәстүрден шыққан. Қазақ тіліндегі жеті ата, жеті қазына, жеті қарақшы, жеті күлше, т.б. тұрақты тіркестер халықтың ежелгі наным-сенімдерінен, мифологиялық, астрологиялық түсініктерінен туған. Сондықтан кей жерлерде наурыз көженің құрамы өзгергенмен, ондағы азық-түліктің жеті түрінің болуы мұқият сақталған.

Наурызды мерекелеу күні халық арасында «Ұлыстың ұлы күні» деп аталды. «Ұлыстың ұлы күні» деп аталу себебін аңызға сүйенер болсақ: «Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татыпты. Содан бұл күнді – Ұлыстың Ұлы күні деп жариялайды[2]. Сол күні жасы-на, жынысына және әлеуметтік жағдайына қарамастан тойлауға қатысушы адамдардың теңдігі сақталды, наурыз жыры айтылып, наурыз батасы берілді. Наурыз батасының қай-қайсысы болмасын береке, төрт түліктің саулығы, бәлекеттен сақтану жайлы айтылады. Мысалы, наурызда берілетін батадан үзінді келтіре кетсек:

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсың!

Жасың құтты болсын!

Өмір жасың ұзақ болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін!

Пәле-жәле жерге енсін! [3, 115 б.] деп бата берсе, екінші бір батада,

Наурыз келіп қар кетті,

Ақ қар, көк мұз жұтатқан

Шаруа елінен зар кетті.

Наурыз келіп жаз кірді,

Жаз періште «Әз» кірді

Күнеске тосып арқасын,

Жан біткенге наз кірді.

Арық-тұрақ төрт түлік,

Көк жеп жапа-тармағай

Қабырға жаппай қалмағай.

Көтеремнің төрт бұты,

Ербегей де сербегей

Енді шығын бермегей.

Бізге келген бәлекет –

Қармен бірге қаңғырып,

Таудан ары өрлегей,

Мұсылман бетін көрмегей[4, 174 б.] деген тілекпен аяқталды.

Қазақ халқы мен Орта Азия халықтары Наурыз мейрамын «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те айтады. Егер де этнограф-ғалым С.Кенжеахметовтың деректеріне сүйенсек «Самарқандағы Ұлықбектің обсерваториясындағы аспан денелерін белгілеген үлкен көк тасқа Ұлыстың Ұлы күні күн сәулесі тікелей түскенде әлгі тас бірер сәтке ериді екен» [5].

Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр ата аралайды. Қыдыр ата – Жаратқанның, Ұлы құдіреттің атынан жер бетін аралаушы және адамзатқа құт үлестіруші, оны қолдаушы кемел Рух. О баста, Қыдыр ата Көктің періште өкілі ретінде құт таратушы міндетін атқаратындай киелі тұлға. Тіпті, «қыдыр» сөзінің өзі түркілік «құд» және «ыр» тіркестерінен туындап, «құт үлестіруші» мағынасын білдірсе керек. Бұл қаһарман міндетінің астарында терең таным жатыр[6]. Түркі сенімі бойынша әрбір жан өзінің ниеті мен еңбегіне орай Жарылқаушыдан сәйкес түрде несібе алуға мүмкіндігі бар. Ал, құт дегеніміз – Жарылқаушының киелі де баянды ету құдіреті, баталық жоралғысы. Үй иелері ыдысты суға, дәнге толтырып, тілектерін айтып, атадан бата тілеп, таңды көз ілдірмей өткізуге тырысқан. Қазіргі кезге дейін Қыдыр атадан бата тілеп, атқан таңды қарсы алу адамзаттық ғұрыпқа айналды. Демек, Наурыз мейрамын жаңғырту арқылы, біріншіден, адамдар арасындағы сыйластық, береке, ынтымақты орнатуға септігі тисе, екіншіден, қоршаған ортаны, табиғатты құрметтеу арқылы экологиялық мәселені шешуге көмектеседі. Үшіншіден, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға негіз болады. Қазіргі жаһандану заманында өскелең ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда наурыз мейрамы ерекше рөл атқарып отыр. Жастарды рухани мұрамен сусындату, рухани ізгілендіруде Наурыз және онымен байланысты өткізілетін ғұрыптар мен салт-дәстүрлер ұрпақтар сабақтастығының жемісі. 2010 жылдан бастап БҰҰ-ның Бас ассамблеясының «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз» күні болып қабылданды. Бүгінгі күні Наурыз мерекесі халықаралық дәрежеде тойланады.

Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы болумен бірге, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған өнегелі, өнерлі азамат тәрбелейтін ұлттық мейрамымыз. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, сән-салтанаттың, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері тән таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдылыққа, көрегенділікке, білімділікке баурайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақ / Құрастырушы: Суханбердина Ү. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. –560 б.

2 Исаев Ж. Наурыз қандай мереке? / Ана тілі газеті, 20 наурыз 2013 ж.

3 Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. Алматы: «Санат», 1994. – 240 б.

4 Алаштың ардағы, Астана, 2008., -240 б)

5 Әліпұлы Т. Самарқанның көк тасы ери ме? / Айқын газеті, 20 наурыз 2012 ж.6 Blaraberg I.F. (1978). Vospominaniya [Memories]. Moskva, 357 p.

Ғылыми жекткшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Абишева Ж.Р.